

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 маусымдағы N 455 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 мамырдағы N 505 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 қыркүйектегі № 930 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.13 № 930 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қызметтік тұрғын үй-жайлар берілетін қызметкерлер санаттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 маусымдағы N 455 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 21, 262-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызметтік тұрғын үй-жайлар берілетін қызметкерлер санаттарының тізбесі мынадай мазмұндағы 27-тармақпен толықтырылсын:

"27. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, облыстық маңызы бар аудандар мен қалалардың әкімдері."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі